

Павлодар педагогикалық университетінің
Тарих пәні (major) және өлкетану мұғалімін (minor) даярлау білім
беру траекториясы бар
6B01610 — «Тарих» білім беру бағдарламасына
РЕЦЕНЗИЯ-ПІКІР
(оқуға түсу жылы — 2021)

Павлодар педагогикалық университеті әзірлеген 6B01610 – «Тарих» білім беру бағдарламасы орта мектеп үшін тарих мұғалімін даярлау бойынша қазіргі заман талаптарына жауап береді. Білім беру бағдарламасының мақсаты - кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, білім беру нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлау болып табылады. "Зерттеуші", "Жаңа идеялар генераторы", "Креативті көшбасшы", "Талдаушы" ұғымдары білім беру бағдарламасы түлегінің моделін толық, жан-жақты тұрғыдан ашып көрсетіп, қоғамның білім беру жүйесі, оның ішінде орта мектеп сұранысына сәйкес болып келеді.

Оқыту нәтижелері болашақ мұғалімге қажетті, тәжірибеге бағытталған қызметін дамытуға бағытталған. Бағдарлама бойынша төмендегі модульдерді меңгеру қарастырылған:

- Модуль 1 — Гуманитарлық;
- Модуль 2 — Қашықтықтан білім беру технологиялары;
- Модуль 3 — Тілдік дайындық модулі;
- Модуль 4 — Әлеуметтік-саяси білім беру модулі;
- Модуль 5 — Денсаулық сақтау модулі;
- Модуль 6 — Қоғамдық-құқықтық білім беру модулі;
- Модуль 7— Ежелгі әлем;
- Модуль 8 — Психологиялық- педагогикалық;
- Модуль 9 — Орта ғасыр;
- Модуль 10 — Инклюзивті ортада ДАБ балаларды психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу;
- Модуль 11 — Жаңа және қазіргі заман;
- Модуль 12 — Өлкетану

Білім беру бағдарламасының мазмұны өлкетану бағытын қамту мүмкіндігіне ие. «Өлкетану» модуліне енетін пәндер төмендегідей:

Әдеби өлкетану // Павлодар Ертіс өңірінің мәдени мұрасы

Тарихи өлкетану // Павлодар Ертіс өңірінің тарихи тұлғалары

Аталған модуль аясында оқытылатын жоғарыдағы пәндерді игеру болашақ тарих пәні мұғаліміне мектепте оқушылармен өлкетанулық бағытта жұмыс жасауға, сонымен бірге мектептен тыс жерлерде өлкетану жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Павлодар педагогикалық университетінің 6B01610 — «Тарих» білім беру бағдарламасы мазмұндық және құрылымдық жағынан тиімді құрастырылған және біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының орта мектебінде жұмыс істеу үшін жоғары білікті маман даярлауға мүмкіндік береді.

Павлодар қаласының
Малайсары батыр атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің басшысы



А.Ж.Сыздықов